

**Жан-тәнімен  
сүйемін!**



**КТ-655  
Шәйнегі**

Егер біздің жабдықты пайдалануда сізде қиындықтар туындаса, дүкенге хабарласпас бұрын Kitfort жедел желісіне қоңырау шалуды сұраймыз:

**8-800-775-56-87**

(дс-жм Мәскеу уақыты бойынша 9:30-дан 17:30-ға дейін)

**info@kitfort.ru**

Біз құрылғының ерекшеліктері туралы айтып береміз және кез-келген басқа мәселелер бойынша кеңес береміз

## Мазмұны

Жалпы мәліметтер.....	4
Жиынтықтылығы .....	4
Шәйнек құрылғысы.....	5
Жұмысқа дайындық және пайдалану .....	5
Шәйнекті тазалау және оған қызмет көрсету .....	6
Күтім жасау және сақтау.....	7
Ақаулықтарды жою .....	7
Техникалық сипаттамалары .....	9
Сақтық шаралары.....	9

## Общие сведения

Kitfort KT-655 электр шәйнегі үйде, офисте, саяжайда су қайнатуға арналған. Шәйнектің қуаты оны сымдары әлсіз үйлерде пайдалануға мүмкіндік береді.

Шәйнектің корпусы шыныдан, ал қақпағы. корпусының төменгі бөлігі және тұғыры — пластмассадан жасалған. Өлшеу шкаласы корпусстың мөлдір бөлігіне салынған. Шәйнектің үлкен мойын жуған кезде және суқақты жойған уақытта ішіне жетуді жеңілдетеді. Шәйнектің тұтқасы пластикалық, қызбайды және қолда ыңғайлы жатады.

Қақпақты ашатын батырма қақпақтың үстінде, ал қосатын батыра — тұтқада орналасқан. Шәйнекті қосқан кезде көк жарықтандыру жанады, ол жұмыс индикаторы болып табылады және сонымен бірге қайнап тұрған суды әдемі жарықтандырады.

Шәйнектің осы моделіндегі қыздыру элементі (ТЭН) жасырын және төменгі бөлігінде орналасқан. Жоғарыдан ол тот баспайтын болаттан жасалған арнайы металл пластинамен жабылған, оның арқасында ТЭН-нің сумен тікелей байланысы жоққа шығарылады. Мұндай конструкция суқақтың түзілуіне кедергі жасайды, күтім жасауды жеңілдетеді және суды қыздырған кезде шуды басады.

Орталық түйіспесі бар тұғыр шәйнекті кез-келген күйде орналастыруға мүмкіндік береді, 360° айналуы қамтамасыз етеді. Төменде сымды сақтауға арналған бөлімше бар, оған электр қуат сымының артылғанын орауға болады, және ол үстелде кедергі жасмайды.

Шәйнек қайнаған кезде автоматты түрде өшеді, қызып кетуден және сусыз қосылудан қорғайды.


Су қайнаған кезде пайда болатын бу өткізгішке түседі, ол арқылы өтеді де, содан кейін шәйнекті өшіретін термодатчикке әсер етеді. Мұндай конструкция шәйнекке альтитудаға (теңіз деңгейінен биіктікке) қарамастан су қайнаған кезде өшуге мүмкіндік береді. Атмосфералық қысым теңіз деңгейінен биіктік жоғарылауымен азаяды, ал су қайнау температурасы өз кезегінде қысымға байланысты, сондықтан таудағы биіктікте су тіпті 80 °C кезінде де қайнауы мүмкін. Осылайша, контроллер шәйнекті белгілі бір температурада емес, атап айтқанда ол қандай температурада қайнайтынына қарамастан, су қайнаған кезде өшіреді. Қайнату кезінде қақпақты нық жабылған күйінде ұстау ұсынылады, әйтпесе аталған механизм дұрыс істемеуі мүмкін.

## Жиынтықтылығы

1. Шәйнек — 1 дана
2. Тұғыр — 1 дана
3. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық — 1 дана
4. Кепілдік талоны — 1 дана
5. Коллекциялық магнит — 1 дана. \*

\* опция түрінде

## Шәйнек құрылғысы



## Жұмысқа дайындық және пайдалану

Қолданар алдында шәйнекті ішінен сумен шайыңыз, содан кейін оны толтырыңыз, суды қайнатыңыз және төгіңіз. Тұғырды тегіс бетке орнатыңыз. Сымды электр қуат көзіне қосыңыз. Артық сымды тіректің төменгі жағындағы бөлімшеге салу ұсынылады. Сымды тұғырдағы ұяға салыңыз.

1. Батырманы басып, қақпақты ашыңыз.
2. Суды шәйнекке «MIN» және «MAX» белгілері арасындағы деңгейге дейін құйыңыз, қақпақты нық жабыңыз.
3. Шәйнекті тұғырға орнатыңыз.
4. Қосу/өшіру түймесін басыңыз. Жарық индикаторы жанады, шәйнек қыза бастайды.
5. Су қайнаған кезде, шәйнек автоматты түрде өшеді және жарық индикаторы сөнеді.
6. Қажет болған кезде қосу/өшіру батырмасын басып шәйнекті өшіре аласыз.


1. Қақпақты басып, ашыңыз



2. Су құйыңыз




1. Орнатыңыз



4.



5.



## Шайнекті тазалау және оған қызмет көрсету

Протирайте корпус сухой или влажной тканью. Не используйте для мытья посудомКорпусты құрғақ немесе дымқыл матамен сүртіңіз. Жуу үшін ыдыс жуатын машинаны пайдаланбаңыз. Шәйнектің қызмет ету мерзімін арттыру үшін суақты уақтылы алып тастаңыз.

1. Шайнекке суақты жоюға арналған құралды салыңыз (250 мл 9% сірке қышқылының ерітіндісін немесе 100 мл суда ерітілген 3 г лимон қышқылын қолдануға болады).
2. 0,5 л су құйыңыз және қайнатыңыз.
3. Ерітінді суығанша күтіңіз және оны төгіңіз.
4. Шайнекті бірнеше рет шайыңыз, түбін құрғатып сүртіңіз және металл бетінде қорғаныш оксид үлдірін қалыптастыру үшін бірнеше сағатқа қалдырыңыз.
5. Осыдан кейін оған су қайнатыңыз және оны төгіңіз.

Суақтың түзілуін болдырмау үшін минералдардан, тұздардан және металдардан тазартылған сүзілген суды пайдалану ұсынылады.

Шәйнек пен тұғырдың корпусын үнемі дымқыл шүберекпен сүртіңіз.

Қызмет көрсетер алдында тұғырды электр қоректендіру желісінен ажыратыңыз.

### Тот іздерінің пайда болуы және шайнекті олардан тазарту

Шайнектің түбінде бірнеше қайнатудан кейін тот пайда болуы мүмкін — бұл темір мөлшері жоғары суды қолданудың нәтижесі. Бұл кону — түбінің металлы тот басқаны емес, бұл судан шайнектің түбіне қонған тот. Ол әдетте кішкентай дақтар түрінде тұнады. Суды қайнату кезінде шайнектің түбінде көпіршіктер

пайда бола бастайды, олар одан әрі қызған кезде үлкейіп, бөлініп, жоғары көтеріледі. Көпіршіктердің ішінде суда еріген ауа және су буы болады. Тот түбінде көпіршіктердің пайда болу нүктелерінде пайда болады.

Тоттың пайда болуына жол бермеу үшін сүзілген суды қайнату керек немесе оны қатты щеткамен үнемі механикалық түрде тазарту керек. Тот нүктелері кәдімгі ыдыс жуатын губканың қатты жағымен оңай тазаланады. Сондай-ақ, оларды химиялық әдіспен — лимон қышқылымен тазартуға болады, содан кейін келесі қолданар алдында ыдыстарды жақсылап құрғатыңыз.

Лимон тілімімен тот шөгінділерін кетірудің қарапайым әдісі бар.

Бүкіл процедура 10-15 минутты алады.

1. Қалыңдығы 3-5 мм лимон тілімін алыңыз да, шайнектің түбін онымен сүртіңіз.
2. Шәйнекке лимон қалдырып, 1-2 сантиметр су құйыңыз.
3. Шәйнекті қосыңыз және суды қыздырыңыз, бірақ оны қайнатпаңыз: шәйнекті қолмен өшіріңіз.
4. 1-2 минут күтіп, суды төгіңіз.
5. Шәйнекті бірнеше рет шайыңыз, түбін құрғатып сүртіңіз және металл бетінде қорғаныш оксид үлдірін қалыптастыру үшін бірнеше сағатқа қалдырыңыз. Бұл процедураны үнемі жүргізу ұсынылады.

Егер сіз шәйнектің түбінен тотты уақтылы тазаламасаңыз, ол төменгі металлмен реакцияға түсуі мүмкін, содан кейін оны тазарту қиын болады

## Күтім жасау және сақтау

Шәйнекті балалардың қолы жетпейтін құрғақ және салқын жерде сақтаңыз.

Ұзақ уақыт сақтамас бұрын, шәйнектен барлық суды толығымен алып тастап, кептіру ұсынылады.

## Ақаулықтарды жою

### Судың пластиктің иісі бар

Ықтимал себебі	Шешімі
Шәйнек әлі пайдаланылмаған немесе сирек қолданылады	Шәйнекті алғашқы пайдалану ұсыныстарына сәйкес қосыңыз. Егер иіс жойылмаса, шәйнекті МАХ белгісіне толтырып, 2 шай қасық сода қосыңыз. Суды қайнатыңыз, суды төгіңіз. Содан кейін шәйнекті жақсылап шайыңыз

### Тұғырға су тамшылары

Ықтимал себебі	Шешімі
Су деңгейі максимумнан асып кетті	Азырақ су құйып көріңіз



### Шайнек қайнаған кезде өшпейді

Ықтимал себебі	Шешімі
Қақпақ тығыз жабылмаған	Егер қақпақ тығыз жабылмаса, қайнаған кезде автоматты өшіру механизмі жұмыс істемеуі мүмкін.

### Шәйнектің сыртқы жағында немесе тұғырдың астында су жиналады

Ықтимал себебі	Шешімі
Шәйнекте тым көп су бар және ол қайнаған кезде төгіледі	Құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз. Шайнек корпусы мен тұғырды құрғатып сүртіңіз. Шәйнектегі су деңгейін тексеріңіз, ол рұқсат етілген мөлшерден аспауы керек.
Су толтырылған кезде шәйнектің сыртына тиді	Құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз. Шайнек корпусы мен тұғырды құрғатып сүртіңіз.
Шәйнек ағады	Құрылғыны дереу электр желісінен ажыратып, құрғатып сүртіңіз. Шәйнектің ағып кетуін тексеріңіз. Егер ағып кету байқалса, шайнекті пайдаланбаңыз, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Егер сіздің жағдайыңыз жоғарыда көрсетілмесе, бізге [info@kitfort.ru](mailto:info@kitfort.ru) мекен-жайға жазыңыз, мәселені тіркейтін фотосуреттер немесе видеофайлдар арқылы. Сондай-ақ, құрылғының корпусының түбінде немесе артында орналасқан сериялық нөмірі бар жапсырманың суретін жіберіңіз.

### Техникалық сипаттамалары

1. Кернеу: 220-240 В, 50/60 Гц
2. Қуаты: 1850-2200 Вт
3. Электр тогымен зақымданудан қорғау сыныбы: I
4. Сыйымдылығы: 2 л
5. Құрылғының өлшемі: 221 × 161 × 245 мм
6. Қаптама өлшемі: 220 × 187 × 250 мм
7. Таза салмағы: 1,0 кг
8. Жалпы салмағы: 1,3 кг

Қызмет мерзімі: 2 жыл

Кепілдік мерзімі: 1 жыл

Тауар сертификатталған

Өндіруші: Нинбо Гудфрендс Илектрик Эплаенс Ко., Лтд. 1338#, Таныцзя- лин





Вест Роуд, Сяодун Индастриэл Эриа, Юйяо Сити, Чжэцзян 315400, Қытай.

Импорттаушы: «Аэро-Трейд» ЖШҚ. 197022, Санкт-Петербург қ., Инструментальная к-сі, 3-үй, лит. X, офис 1.

Шығарылған елі: Қытай.

Ресей Федерациясының аумағында талаптарды қабылдауға уәкілетті ұйым: «Аэро-Трейд» ЖШҚ. 197022, Санкт-Петербург қ., Инструментальная к-сі, 3-үй, лит. X, офис 1.

Өндірушінің жедел желісі: 8-800-775-56-87 (Мәскеу уақытымен 9:30-дан 17:30-ға дейін), info@kitfort.ru.

Қызмет көрсету орталықтарының мекенжайларын жедел желі операторынан немесе сайттан біле аласыз kitfort.ru

Ерекше кәдеге жарату талап етіледі. Қоршаған ортаға зиян келтірмеу үшін бұл объектіні қарапайым қалдықтардан бөліп алып, оны қауіпсіз түрде жою керек, мысалы, арнайы кәдеге жарату орындарына тапсыру керек.

Шығарылған айы мен жылы қаптауыш қораптың төменгі жағында көрсетілген.

Өндірушінің өз өнімін жетілдіру барысында осы өзгерістер туралы қосымша хабарламай-ақ бұйымның дизайнына, жинақтамасына, сондай-ақ техникалық сипаттамаларына өзгерістер енгізуге құқығы бар.

## Сақтық шаралары

Пайдалану жөніндегі нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Сақтық шараларына ерекше назар аударыңыз. Нұсқаулықты әрқашан қолыңызда ұстаңыз.

1. Шәйнектің қызып кетуден және сусыз қосылудан қорғанысы бар. Дегенмен, шәйнектің мерзімінен бұрын істен шығуын болдырмау үшін оның жұмыс істеу жағдайларына жол бермеу керек.
2. Шәйнекті сусыз қоспаңыз, сондай-ақ су деңгейі минималды белгіден төмен болса.
3. Шәйнекті тұғырдан алмас бұрын оны батырмамен өшіріңіз.
4. Қыздыру элементінің қызып кетуіне жол бермеу үшін жаңа қайнатылған шәйнектен барлық суды құймаңыз. Әйтпесе, қызып кетуден қорғаныс істеп кетуі мүмкін, өйткені қайнағаннан кейін ТЭН қызады және жинақталған жылуды суға беру үшін бірнеше секунд қажет. Бұған жол бермеу үшін түбіне аздап су қалдырыңыз немесе су құйған кезде мезгіл-мезгіл шәйнектің түбін сумен жуып тұру үшін шәйнекті тік күйге қайтарыңыз.
5. Егер қызып кетуден қорғау жұмыс істесе, шәйнекті өшіріп, салқындағанша бірнеше минут күтіңіз.
6. Шәйнектен барлық ыстық суды төгіп тастағаннан кейін, термиялық соққыларын болдырмас үшін оған бірден суық су құймаңыз. Шәйнек салқындағанша 1-2 минут күтіңіз, содан кейін ғана су құйыңыз.
7. Шәйнектің корпусы жұмыс кезінде қызуы мүмкін. Ыстық беттерді ұстамаңыз, абай болыңыз!



8. Құрылғы үйде пайдалануға арналған және оны пәтерлерде, қала сыртындағы үйлерде, қонақ үй бөлмелерінде, кеңселерде және басқа да осындай жерлерде өнеркәсіптік емес және коммерциялық емес пайдалану үшін пайдалануға болады.
9. Құрылғыны тек мақсаты бойынша және осы нұсқаулықта баяндалған нұсқауларға сәйкес пайдаланыңыз. Құрылғыны мақсатсыз пайдалану тиісті пайдалану шарттарын бұзу болып саналады.
10. Құрылғыны розеткаға қоспас бұрын, онда көрсетілген қуат параметрлері пайдаланылған қуат көзінің параметрлеріне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
11. Электр тогының соғуын болдырмау үшін құрылғыны суға және басқа сұйықтықтарға батырмаңыз.
12. Қуат сымын ұстап, тұғырдың орнын ауыстырмаңыз. Штепсельді розеткадан ажыратқан кезде қуат сымын тартпаңыз.
13. Егер қуат сымы, ашасы немесе шәйнектің басқа бөліктері зақымдалған болса, құрылғыны пайдаланбаңыз. Электр тогының соғуын болдырмас үшін құрылғыны өзіңіз бөлшектемеңіз — оны жөндеу үшін білікті маманға хабарласыңыз. Есіңізде болсын, құрылғыны дұрыс құрастырмау жұмыс кезінде электр тогының соғу қаупін арттырады.
14. Жақын жерде балалар және үй жануарлары болған кезде шәйнектің жұмысын бақылаңыз.
15. Шәйнекті тек тұрақты көлденең бетке қабырға мен үстелдің шетінен кемінде 10 см қашықтықта орнатыңыз. Балалар ыстық беттеріне тиіп кетпеуі үшін шәйнекті орнатыңыз.
16. Құрылғының қуат құлпын айналып өтуге тырыспаңыз.
17. Шәйнектің құлауына жол бермеңіз және оны ұрмаңыз.
18. Құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
19. Өндіруші ұсынған керек-жарақтарды ғана пайдаланыңыз. Басқа қосымша керек-жарақтарды пайдалану құрылғының бұзылуына немесе жарақат алуға әкелуі мүмкін.

IM-3

Шайнері  
КТ-655



# Әрқашан жаңа нәрсе болады!

Kitfort — бұл клиенттерге жоғары сапалы өнімдерді тиімді бағамен ғана ұсынып қана қойма, сонымен қатар сыйлықтармен, конкурстармен және тірі интерактивпен қуантатын заманауи және креативті бренд! Мыңдаған пайдаланушылар біздің жаңартулар мен әлеуметтік желілердегі лотереяларды бақылайды. Сіз де бізге қосылыңыз!

Біздің Вконтакте тобына қош келдіңіз! Әр апта сайын біз онда Kitfort тұрмыстық техникасының ондаған жүлделерін ұтысқа саламыз. Теңіз шайқастарына, лотереяларға, шығармашылық байқауларына қатысыңыз және репосттар жасаңыз. Топтың мекен-жайы: [vk.com/kitfort](https://vk.com/kitfort)

Егер сіз видео көруді ұнатсаңыз, YouTube іздеу жолында «Kitfort Show» енгізіңіз және біздің арнамыздағы көңілді скетчтерден рахам алыңыз. Әрбір жаңа шығарылымда біз компанияның ең танымал тауарлары мен жаңалықтарын абоненттердің түсініктемелері үшін ұтысқа саламыз. Ал видеороликтердің мазмұны сізді шын жүректен күлдіртіп, біздің досымызға және біздің істеген ісіміздің білгіріне айналдырады.

Жазылыңыз Kitfort-пен бірге істе болыңыз!

[info@kitfort.ru](mailto:info@kitfort.ru)

8-800-775-56-87